**Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 374 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 13 маусымда № 17063 болып тіркелді.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 195-бабы 3-тармағының бірінші және төртінші бөлімдеріне, 215-бабының 3-тармағының бірінші және төртінші бөлімдеріне, 236-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидаларын бекітсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасының*
*Инвестициялар және даму министрі* *Ж. Қасымбек*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
__________ Б. Сұлтанов
2018 жылғы 29 мамыр

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы
______________________ Н. Айдапкелов
2018 жылғы 25 мамыр

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі
___________ Қ. Бозымбаев
2018 жылғы 24 мамыр

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің 2018 жылғы
24 мамырдағы
№ 374 бұйрығымен
бекітілді

## Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 195-бабының 3-тармағының бірінші және төртінші бөлімдеріне, 215-бабының 3-тармағының бірінші және төртінші бөлімдеріне, 236-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасыны Заңның 16-бабы 3-тармағының 2)

тармақшасына сәйкес әзірленді және жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Есептер өткен күнтізбелік жыл үшін жыл сайын әрбір жылдың отызыншы сәуірінен кешіктірілмей ұсынылады.

Толық емес күнтізбелік жыл үшін есептер нақты жер қойнауын пайдалану кезеңі үшін ұсынылады.

Жер қойнауы учаскесін пайдалану кезеңінің соңғы толық емес күнтізбелік жыл үшін есептер көрсетілген кезең аяқталғаннан кейін екі айдан кешіктірілмей ұсынылады.

Егер есептілікті ұсыну мерзімнің соңғы күні жұмыс емес күнге келген жағдайда, ұсыну мерзімі келесі жұмыс күнге ауыстырылады.

3. Осы қағидаларда мынадай негізгі анықтамалар пайдаланылады:

1) жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган – жер қойнауын геологиялық зерттеу және жер қойнауы кеңістігін пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын уәкілетті орган;

2) кең таралған пайдалы қазбалар – табиғи күйінде немесе сәл өңделіп және құрылыс пен басқа да шаруашылық мақсатында тазартуды пайдаланатын және жер қойнауында кең таратылуы бар кенсіз пайдалы қатты қазбалар;

3) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру – кең таралған пайдалы қазбаларды жатқан жерінен алуға бағытталған және тікелей айыруға байланысты жұмыстар кешені;

4) құзыретті орган – мемлекеттік саясатты іске асыру және Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы мүдделерін білдіретін орталық атқарушы орган;

5) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары – жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысатын жергілікті атқарушы органдар;

6) пайдалы қатты қазбалар – жер қойнауында немесе жер бетінде қатты күйде болатын, органикалық заттар және оның қоспасының минералдық түзілімдер;

7) пайдалы қатты қазбаларды өндіру – жерасты газдандыру және балқыту, химиялық және бактериялық сілтісіздендіру, буландыру, седименттеу және конденсаттау арқылы шашыранды кен орындарын драгалық және гидравликалық жолмен әзірлеу жұмыстарын, сондай-ақ өндіру учаскесінің аумағында алынған пайдалы қазбаларды жинауды, уақытша сақтауды, ұсақтауды және сұрыптауды қоса алғанда, пайдалы қатты қазбаларды кенжатындардан алуға және (немесе) жер бетіне шығаруға бағытталған және сонымен тікелей байланысты жұмыстар кешені түсініледі;

8) пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган – уран өндіруді қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды реттеу бойынша мемлекеттік саясатты іске асыратын орталық атқарушы орган.

## 2 тарау. Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну тәртібі

4. Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде мынадай есептер түрлерін:

1) нысан бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес пайдалы қатты қазбаларды барлау бойынша лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есепті құзыретті органға;

2) нысан бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес пайдалы қатты қазбаларды өндіру бойынша лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есепті құзыретті органға;

3) нысан бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру бойынша лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есепті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына;

4) нысан бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер және олардағы ел ішіндегі құндылық үлесі туралы есепті пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға;

5) нысан бойынша осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайдаланушыны пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру бойынша тікелей немесе жанама бақылайтын тұлғалардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есепті пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға;

6) нысан бойынша осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес жұмыс бағдарламасын орындау туралы есепті (ұстап қалу мәртебесін берген жағдайда) құзыретті органға ұсынады.

Кодекстің 195-бабы 3-тармағының екінші және үшінші бөліктеріне және 215-бабы 3 -тармағының екінші және үшінші бөліктеріне сәйкес осы тармақтың бірінші бөлігінің 1 ) және 2) тармақшаларында көзделген есептерге "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептерде көрсетілген шығыстарды растайтын аудиторлық есеп (қорытындылар) қоса беріледі. Жер қойнауын пайдаланушының жылдық қаржылық есептілігі аудитінің нәтижелері бойынша жасалған аудиторлық есепті, егер онда осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген есептерде көрсетілген барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларға арналған шығыстар келтірілсе (ашылса), ұсынуға жол беріледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.06.2022 № 357 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін берілген және жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған рұқсаттар лицензиялар және келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдаланушы Кодекстің 278-бабының 26-тармағында көзделген есептерді қоспағанда, мынадай есептер түрлерін:

1) нысан бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес жұмыс бағдарламасы және лицензиялық\келісімшарттық талаптар мен міндеттемелерді орындау (пайдалы қатты қазбаларды барлау және (немесе) өндіру) туралы есепті құзыретті органға;

2) нысан бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес жұмыс бағдарламасы және лицензиялық\келісімшарттық талаптар мен міндеттемелерді орындау (кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және (немесе) өндіру) туралы есепті жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға;

3) нысан бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жұмыс бағдарламасы және лицензиялық\келісімшарттық талаптар мен міндеттемелерді орындау (жер асты сулары, емдік балшықтарды барлау және (немесе) өндіру) туралы есепті құзыретті органға;

4) нысан бойынша осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес жұмыс бағдарламасы және лицензиялық\келісімшарттық талаптар мен міндеттемелерді орындау (барлау және ( немесе) өндіруге байланысты емес құрылыс және (немесе) жер асты құрылысын пайдалану) туралы есепті жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға;

5) нысан бойынша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес барлауға арналған үлгілік келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы есепті құзыретті органға ( пайдалы қатты қазбаларды, жер асты сулары және емдік балшықтар) ұсынады;

6) осы Қағидалардың 4-тармағының 4) тармақшасында көзделген есепті пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.12.2021 № 647 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Осы Қағидалардың 4 және 5-тармақтарында көзделген есептерді жер қойнауын пайдаланушы ақпараттандыру объектісі "Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы" ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – ЖҚПБП) электрондық нысанын толтыру және ақпаратты ұсыну үшін жер қойнауын пайдаланушының өкілеттік берілген лауазымдық тұлғаның электрондық цифрлық қол қоюы арқылы ұсынады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 27.02.2025 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган есептер негізінде жиынтық ақпарат дайындайды, оны лицензиялық-келісімшарттар талаптарының міндеттемелерін орындау туралы есеп ұсыну мерзімі өткен бойда екі ай ішінде құзыретті органға және

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына ЖҚПБП арқылы жолдайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 27.02.2025 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Есептің тиісті нысанында жеке көрсеткіштер болмаған жағдайда сызық қойылады .

Қосымша ақпарат (ілеспе хат, қоса берілетін құжаттардың көшірмесі) ЖҚПБП жүйесіне енгізіледі және ақпаратты ұсыну үшін жер қойнауын пайдаланушының өкілеттік берілген лауазымдық тұлғасы электрондық цифрлық қол қояды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 27.02.2025 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Өткен жыл үшін әр жылдың отызыншы шілдесінен кешіктірмей берілген есеп түзетуге жатады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 27.02.2025 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жер қойнауын
пайдаланушының пайдалы
қатты қазбаларды барлау
және өндіру, кең таралған
пайдалы қазбаларды
өндіру жөніндегі операцияларды
жүргізу кезінде есептерді
ұсыну қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 27.02.2025 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі құзыретті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://www.gov.kz/memleket/entities/mps.

Әкімшілік нысанның атауы: пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есеп.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-ПҚҚЛ.

Кезеңділік: жылдық.

Есепті кезең:

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

жыл.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензиялар бойынша жер қойнауын пайдаланушылар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей.

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы арқылы электронды түрде.

1-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушы (заңды немесе жеке тұлға) және пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияға қатысы туралы мәліметтер

| р/с № | Жер қойнауын пайдаланушы және жер қойнауын пайдалану құқығы туралы жалпы мәліметтер | Мағынасы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Жер қойнауын пайдаланушының – заңды тұлғаның толық атауы/жер қойнауын пайдаланушының – жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) | |
| 1.1. | Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі | |
| 2. | Осы есеп берілетін есепті кезең | |
| 3. | Лицензия нөмірі | |
| 3.1. | Лицензия берілген күні | |
| 3.2. | Лицензия мерзімінің аяқталатын күні | |
| 4. | Есепті кезеңнің басындағы блоктар саны | |
| 5. | Есепті кезеңнің соңындағы блоктар саны | |
| 6. | Есепті кезеңде блоктардан бас тарту күні (егер қолданылса) | |
| 7. | Жер қойнауын пайдаланушы лицензияның қолданылуы басталғаннан бастап есепті кезеңнің басында (болған кезде) бас тартқан блоктар саны | |
| 7.1. | оның ішінде лицензия бойынша блоктардың бастапқы санынан %-бен | |
| | Есепті кезеңде барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің | |

| | | |
|---|---|---|
| 8. | орындалуын қамтамасыз етудің талап етілетін сомасы, мың теңгемен | |
| 9. | Барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету деректемелері | |
| 9.1. | Барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі (тәсілдері) | |
| 9.2. | Барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету сомасы (сомасы), мың теңгемен | |
| 10. | Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну күні | |
| 10.1. | Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету сомасы, мың теңгемен | |
| 11. | Есепті кезеңде тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру мақсатында тау-кен-аршу жұмыстарын жүргізудің басталған күні (егер қолданылатын болса) | |
| 12. | Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органның тау-кен массасын алуға немесе 1000 текше метрден астам топырақты жылжытуға рұқсат беру күні (егер қолданылса) | |
| 13. | Есепті кезеңде 1000 текше метрден астам тау-кен массасы алынған немесе топырақ ауыстырылған жағдайда барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қосымша қамтамасыз етудің деректемелері | |
| | Есепті кезеңде 1000 текше метрден астам тау-кен массасы | |

| | | |
|---|---|---|
| 13.1. | алынған немесе топырақ ауыстырылған жағдайда барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қосымша қамтамасыз етудің тәсілі (тәсілдері) | |
| 13.2. | Есепті кезеңде 1000 текше метрден астам тау-кен массасы алынған немесе топырақ ауыстырылған жағдайда барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қосымша қамтамасыз етудің сомасы (сомасы), мың теңгемен | |
| 14. | Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қосымша қамтамасыз етуді ұсыну күні | |
| 15. | Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қосымша қамтамасыз етуді ұсынған кезде жою жоспарының ( өзгертілген жою жоспарының) кешенді сараптамасының/ өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасының және мемлекеттік экологиялық сараптамасының соңғы оң қорытындысын алған күн | |
| 16. | Барлау жоспарының мемлекеттік экологиялық сараптамасының ( егер талап етілсе), оның ішінде өзгерістерді ескере отырып, соңғы оң қорытындысын алған күн | |
| 17. | Жер қойнауын пайдаланушының бекіткен күні және пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жоспарын (барлау жоспарына өзгерістерді) берген күні | |
| 17.1. | Қатты пайдалы қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жоспарын (барлау жоспарына өзгерістер) беру күні | |
| | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 18. | | Аудитордың тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде)/ аудиторлық компанияның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, атауы, байланыс ақпараты ( мекенжайы, телефоны, e-mail), осы есепте көрсетілген шығыстарды растайтын аудиторлық есептің атауы мен деректемелері | |

## 2-бөлім. Есепті кезеңдегі пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған шығыстар бойынша мәліметтер

| р/с № | Мақала атауы | Код тармақ-тары | Өлшем бірлігі | Ең аз көрсеткіш | Жыл басынан басталған дерек |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Барлауға арналған жыл сайынғы шығыстар, барлығы: | 509 | мың теңге | | |
| 2. | оның ішінде: геологиялық барлау жұмыстары | 100 | мың теңге | | |
| 3. | геохимиялық жұмыстар | 101 | мың теңге | | |
| 4. | геофизикалық жұмыстар | 102 | мың теңге | | |
| 5. | дистанциялық тексеру бойынша жұмыстар | 103 | мың теңге | | |
| 6. | іздеу жұмыстары | 104 | мың теңге | | |
| 7. | жынысөзекті бұрғылау | 105 | мың теңге | | |
| 8. | жынысөзектісіз бұрғылау | 106 | мың теңге | | |
| 9. | арықтар, траншея, шурфтарды және басқа барлау тау кен қазбасын жүргізу | 107 | мың теңге | | |
| 10. | егіс топтарын жабдықтау | 108 | мың теңге | | |
| | жобалау-констр укторлық және | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11. | эскиз жұмыстары | 109 | мың теңге | | |
| 12. | тасымалдау | 110 | мың теңге | | |
| 13. | егіс лагерін бөлу бойынша жұмыстар | 111 | мың теңге | | |
| 14. | қоршаған ортаның жағдайын зерттеулер | 112 | мың теңге | | |
| 15. | техникалық-экономикалық негіздеуді дайындау | 113 | мың теңге | | |
| 16. | барлау салдарын жою, бұзылған жерлерді қалпына келтіру бойынша жұмыстар | 114 | мың теңге | | |
| 17. | жобалау құжаттарын әзірлеу | 115 | мың теңге | | |
| 18. | Пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу технологиясын таңдау бойынша зерттеулер | 116 | мың теңге | | |
| 19. | зертханалық зерттеулер жүргізу және сынамаларды талдау | 117 | мың теңге | | |
| 20. | геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша есептер дайындау | 118 | мың теңге | | |
| 21. | геологиялық барлау бойынша басқа жұмыстар | 119 | мың теңге | | |
| 22. | басқару және әкімшілік қажеттілігі, бухгалтерлік есепті енгізу, ғылыми зерттеу, персоналдарды | | мың теңге | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оқыту және басқа ұқсас шығыстарға арналған басқа шығыстар | 120 | | | |
| 23. | қол қою бонусы | 531 | мың теңге | | |
| 24. | жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы ( жалдау төлемі) | 541 | мың теңге | | |
| 25. | Қосымша міндеттемелер ( бар болса) | 132 | мың теңге | | |
| 26. | "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 192-бабы 7, 8 және 9 -тармақтарының ережелерін ескере отырып, барлауға лицензия берілген күннен бастап алдыңғы есепті кезеңді қоса алғандағы кезең ішінде жер қойнауын пайдаланушы шеккен барлау жөніндегі операциялар бойынша шығыстарға жататын лицензия бойынша шығыстардың жалпы сомасы | 133 | мың теңге | | |

Атауы ____________________________________________________

Мекенжайы ________________________________________________

Телефоны _________________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы ________________________________

Орындаушы: __________________________________ ____________

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға

________________________________________ ______________

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Жер қойнауын пайдаланушының ЭЦҚ деректері;

ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты.

"__" _____ 20 _ жыл _____ сағат ____ минут.

Ескерту:

Есепке есепте көрсетілген шығыстарды растайтын "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудиторлық есеп қоса беріледі. Егер аудиторлық есеп жер қойнауын пайдаланушының қаржылық есептілігіне жасалса, онда пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған шығыстарды ашып көрсете отырып, қаржылық есептілік қоса беріледі.

"Пайдалы қатты қазбаларды
барлау жөніндегі лицензиялық
міндеттемелердің орындалуы
туралы есеп" әкімшілік
деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

**Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есеп" (Нысанның индексі: 1-ПҚҚЛ, кезеңділігі: жылдық)**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Пайдалы қатты қазбаларды барлау бойынша лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды қызметін пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия негізінде жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады.

3. Нысанға жер қойнауын пайдаланушының ЭЦҚ арқылы қойылады.

4. Нысан жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Нысанның 1-бөлімі бойынша

3-баған толтырылады

1-жолда жер қойнауын пайдаланушының толық атауы, заңды тұлғалар үшін – атауы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке тұлғалар үшін – тегі, аты және әкесінің аты ( бар болса) және жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

2-жолда осы есеп берілетін есепті кезең көрсетіледі. Толық күнтізбелік жыл болған жағдайда тиісті жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең көрсетіледі. Толық емес күнтізбелік жыл кезінде жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану құқығына ие болған нақты кезең көрсетіледі.

3-жолда лицензияның нөмірі мен берілген күні, лицензияның қолданылу мерзімінің соңғы күні көрсетіледі.

4-жолда есепті кезеңнің басындағы лицензия бойынша блоктардың саны көрсетіледі.

5-жолда есепті кезеңнің соңындағы лицензия бойынша блоктардың саны көрсетіледі.

6-жолда егер жер қойнауын пайдаланушы есепті кезең шеңберінде блоктардың бір бөлігінен бас тартқан жағдайда блоктардан бас тартудың толық күні көрсетіледі. Егер есепті кезеңде блоктар саны өзгермесе, жол толтырылмайды.

7-жолда жер қойнауын пайдаланушы лицензияның қолданылуы басталғаннан бастап есепті кезеңнің басында бас тартқан блоктардың саны, оның ішінде лицензия бойынша блоктардың бастапқы санынан %-бен көрсетіледі. Егер лицензия қолданысының басынан бастап блоктар саны өзгермесе, жол толтырылмайды.

8-жолда "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 373 бұйрығымен бекітілген Бір блок үшін қамтамасыз ету мөлшерін айқындау әдістемесіне сәйкес есептелген есепті кезеңде барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің талап етілетін сомасы көрсетіледі.

9-жолда барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің ұсынылған тәсілі (тәсілдері) ( сақтандыру шарты, банктік салым кепілі шарты, кепілдік), оның деректемелері және өтелетін сомасы (сомасы) көрсетіледі.

10-жолда пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну күні және қамтамасыз ету (қамтамасыз ету) сомасы көрсетіледі.

11-жолда жер қойнауын пайдаланушының есепті кезеңде тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру мақсатында тау-кен-аршу жұмыстарын жүргізуді бастаған күні, оны жүргізген жағдайда көрсетіледі. Егер тау-кен-аршу жұмыстары барлау учаскесінде жүргізілмесе, жол толтырылмайды.

12-жолда тау-кен-аршу жұмыстары жүргізілген жағдайда пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органның тау-кен массасын алуға немесе топырақты 1000 текше метрден астам жылжытуға рұқсатының берілген күні көрсетіледі. Егер тау-кен-аршу жұмыстары барлау учаскесінде жүргізілмесе, жол толтырылмайды.

13-жолда тау-кен массасының 1000 текше метрден астамын алып қойған немесе топырақты ауыстырған жағдайда барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің ұсынылған қосымша тәсілі (тәсілдері) (сақтандыру шарты, банктік салым кепілі шарты, кепілдік), оның деректемелері және өтелетін сомасы (сомасы) көрсетіледі. Егер тау-кен-аршу жұмыстары барлау учаскесінде жүргізілмесе, жол толтырылмайды.

14-жолда пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қосымша қамтамасыз етуді ұсыну күні көрсетіледі. Егер тау-кен-аршу жұмыстары барлау учаскесінде жүргізілмесе, жол толтырылмайды.

15-жолда пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қосымша қамтамасыз етуді ұсынған кезде жою жоспарының (өзгертілген жою жоспарының) өнеркәсіптік қауіпсіздік кешенді сараптамасының/ сараптамасының және мемлекеттік экологиялық сараптамасының соңғы оң қорытындысын алған күн көрсетіледі. Егер тау-кен-аршу жұмыстары барлау учаскесінде жүргізілмесе, жол толтырылмайды.

16-жолда барлау жоспарының мемлекеттік экологиялық сараптамасының (егер талап етілсе), оның ішінде өзгерістерді ескере отырып, соңғы оң қорытындысын алған күн көрсетіледі.

17-жолда жер қойнауын пайдаланушының барлау жоспарын бекіткен күні және пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жоспарын (барлау жоспарына өзгерістер) берген күні көрсетіледі.

18-жолда аудитордың (жеке тұлғаның) тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде) не аудиторлық ұйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, байланыс ақпараты ( мекенжайы, телефоны, e-mail), осы есепте көрсетілген шығыстарды растайтын аудиторлық есептің не барлауға арналған шығыстар жеке ашылған жылдық қаржылық есептілікке қатысты аудиторлық есептің атауы мен деректемелері көрсетіледі.

Нысанның 2-бөлімі бойынша

5 және 6-бағандар толтырылады

5-бағанда тек 1-жол толтырылады. Лицензия мерзімінің толық емес күнтізбелік жылы кезінде есепті кезеңнің барлық толық күнтізбелік айлары үшін барабар есептелген ең төменгі жиынтық шығыстар көрсетіледі.

6-бағанда әрбір жол есепті кезеңде жер қойнауын пайдаланушы жүргізген жұмыстардың тиісті түріне нақты шығыстарды көрсете отырып толтырылады. Егер жер қойнауын пайдаланушы қандай да бір жұмыс түрлерін жүзеге асырмаса, тиісті жолға сызықша қойылады.

6-бағанда 1-жолда 2-21-жолдар бойынша шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

25-жол пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияда ақшалай баламада қосымша міндеттемелер болған жағдайда толтырылады. Олар болмаған жағдайда 5 және 6-бағандарда сызықша қойылады.

26-жолда "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 192-бабы 7, 8 және 9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, барлау жөніндегі операциялар бойынша шығыстарға жататын, лицензия бойынша оның берілген күнінен бастап алдыңғы есепті кезеңді қоса алғандағы кезең ішінде, лицензия бойынша шеккен шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

Осы соманы есептеу үшін жер қойнауын пайдаланушы лицензия берілген күннен бастап өткен есепті кезеңдер үшін пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға ұсынған пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есептерден алынған ақпарат пайдаланылады.

Жер қойнауын
пайдаланушының пайдалы
қатты қазбаларды барлау
және өндіру, кең таралған
пайдалы қазбаларды
өндіру жөніндегі операцияларды
жүргізу кезінде есептерді
ұсыну қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 27.02.2025 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі құзыретті органға, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі жергілікті атқарушы органына.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://www.gov.kz/memleket/entities/mps.

Әкімшілік нысанның атауы: қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру бойынша лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есеп.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 2-ПҚӨ.

Кезеңділік: жылдық.

Есепті кезең:

| | | | |
|---|---|---|---|

жыл.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: жер қойнауын пайдаланушылар өндіруге немесе кең таралған пайдалы қазбаларға арналған лицензиялар бойынша.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей.

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы арқылы электронды түрде.

1-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушы (заңды немесе жеке тұлға) туралы және барлауға арналған келісімшарттарға, өндіруге арналған келісімшарттарға немесе қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды бірлесіп барлау мен өндіруге арналған келісімшарттарға қатысты мәліметтер

| р/с № | Жер қойнауын пайдаланушы және жер қойнауын пайдалану құқығы туралы жалпы мәліметтер | Мағынасы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Жер қойнауын пайдаланушы-заңды тұлғаның толық атауы/ жер қойнауын пайдаланушының - жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты ( болған кезде). | |
| 1.1. | Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі | |
| 2. | Осы есеп берілген есепті кезең | |
| 3. | Лицензия нөмірі | |
| 3.1. | Лицензияның берілген күні | |
| 3.2. | Лицензия мерзімі | |
| 4. | Есепті кезеңнің басындағы өндіру учаскесі аумағының алаңы, ш.км | |
| 5. | Есепті кезеңнің соңындағы өндіру учаскесі аумағының ауданы, ш.км | |
| 6. | Есепті кезеңде өндіру учаскесінің бөлігінен бас тарту күні (егер қолданылса) | |
| 7. | Есепті кезеңде жою жоспарына сәйкес өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің талап етілетін сомасы, мың теңгемен | |
| 8. | Өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету деректемелері | |
| 8.1. | Өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі | |

| | | |
|---|---|---|
| | міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі (тәсілдері) | |
| 8.2. | Өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету сомасы (сомалары ), мың теңгемен | |
| 9. | Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну күні | |
| 9.1. | Операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету сомасы, мың теңгемен | |
| 10. | Өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізудің басталу күні | |
| 11. | Жою жоспарының (өзгертілген жою жоспарының) кешенді сараптамасының соңғы оң қорытындысын алған күн | |
| 11.1. | Өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасының соңғы оң қорытындысын алған күн | |
| 11.2. | Тарату жоспарына (өзгертілген тарату жоспарына) мемлекеттік экологиялық сараптаманың соңғы оң қорытындысын алған күн | |
| 12. | Тау-кен жұмыстары жоспарында сипатталған өндіру жөніндегі операцияларға экологиялық рұқсат берілген күн | |
| 13. | Жер қойнауын пайдаланушының тау-кен жұмыстарының жоспарын бекіту күні (тау-кен жұмыстарының жоспарына өзгерістер) | |
| 13.1. | Қатты пайдалы қазбалар саласындағы уәкілетті органға тау-кен жұмыстарының жоспарын (тау-кен жұмыстарының жоспарына өзгерістер) беру күні | |
| 14. | Аудитордың тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)/ аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі, байланыс ақпараты (мекенжайы, телефоны, e-mail), осы құжатта | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | көрсетілген шығыстарды растайтын аудиторлық есептің атауы және деректемелері есеп беру | |

2-бөлім. Есепті кезеңде қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған шығыстар бойынша мәліметтер:

| р/с № | Мақалалардың атауы | Код тармақ-тары | Өлшем бірлігі | Ең аз көрсеткіш | Жыл басынан басталған дерек |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Өндіруге арналған жылсайынғы шығыстар, барлығы: | 510 | мың теңге | | |
| 2. | үңгілеу жұмыстары немесе аршу жұмыстары | 120 | мың теңге | | |
| 3. | желдетуді қамтамасыз ету | 121 | мың теңге | | |
| 4. | бұрғылау жару жұмыстары | 122 | мың теңге | | |
| 5. | бекіту немесе тау кен қазуды қолдау | 123 | мың теңге | | |
| 6. | тау қысымын басқару | 124 | мың теңге | | |
| 7. | кендерді немесе жыныстарды тасымалдау | 125 | мың теңге | | |
| 8. | кендерді үйінді түзілу және ( немесе) қаттау | 126 | мың теңге | | |
| 9. | кендерді, жыныстарды ұсату | 127 | мың теңге | | |
| 10. | сілтінсіздердіру (шоғырлы және (немесе) жерасты) | 128 | мың теңге | | |
| 11. | өндіру учаскелерінде өндірістік инфрақұрылымының қосалқы объектілерін және байыту өндірісі, кендерді салу | | мың теңге | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша барлық жұмыстар | 129 | | | |
| 12. | өндіру бойынша басқа шығыстар | 130 | мың теңге | | |
| 13. | басқару және әкімшіліктендіру қажеттілігі, бухгалтерлік есепті енгізу, ғылыми зерттеу, персоналдарды оқыту және басқа ұқсас шығыстарға арналған басқа шығыстар | 131 | мың теңге | | |
| 14. | Қазақстандық мамандарды оқыту, барлығы | 520 | мың теңге | | |
| 15. | оның ішінде: оқытуға арналған жанама шығыстар, барлығы | | мың теңге | | |
| 16. | Оқытуға арналған жалпы шығыстардан: | | | | |
| 17. | Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, жер қойнауын пайдаланушы қызметкерлерін оқытуды қаржыландыру | | мың теңге | | |
| 18. | жер қойнауын пайдаланушы қызметкері болмайтын, Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуды қаржыландыру | | мың теңге | | |
| | жергілікті атқарушы органның ұсыну бойынша білім ұйымының | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 19. | материалдық-техникалық базаларын жақсарту үшін қажетті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізімін сатып алу | | мың теңге | | |
| 20. | Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) арналған шығыстар, барлығы | 522 | мың теңге | | |
| 21. | оның ішінде: Қазақстан Республикасының аумақтарында | | мың теңге | | |
| 22. | Жалпы шығыстардан: | | | | |
| 23. | "Инновациялық технологиялар паркі" дербес кластерлік қорына аударылды | 522/1 | мың теңге | | |
| 24. | автономдық білім ұйымына аударылды | 522/2 | мың теңге | | |
| 25. | ғылым саласындағы аккредиттелген уәкілетті органға, ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымға аудару | 522/3 | мың теңге | | |
| | ғылым саласындағы, сондай ақ автономды білім ұйымынан | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 26. | қызметті жүзеге асыратын ұйымнан, сондай-ақ дербес білім беру ұйымынан ҒЗТКЖ сатып алынды | 522/4 | мың теңге | | |
| 27. | зияткерлік меншік объектілерінде құқықты иемдену | 522/5 | мың теңге | | |
| 28. | жеке ҒЗТКЖ жүргізілді | 522/6 | мың теңге | | |
| 29. | жекеменшік ғылыми зерттеу және (немесе) талдамалық зертханаларды күтіп-ұстау | 522/7 | мың теңге | | |
| 30. | қол қою бонусы | 531 | мың теңге | | |
| 31. | жер учаскелерін пайдалану үшін төлемдер ( жалдау төлемдері) | 541 | мың теңге | | |
| 32. | қосымша міндеттемелер ( бар болса) | 132 | мың теңге | | |
| 33. | "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 210-бабы 7, 8 және 9 -тармақтарының ережелерін ескере отырып, өндіруге лицензия берілген күннен бастап алдыңғы есепті кезеңді қоса алғандағы кезең ішінде жер қойнауын пайдаланушы өндіру жөніндегі | | мың теңге | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | операциялар бойынша шеккен шығыстарға жататын лицензия бойынша шығыстардың жалпы сомасы | 133 | | | |

Атауы ____________________________________________________________

Мекенжайы ______________________________________________________

Телефоны ________________________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы ______________________________________

Орындаушы: ___________________________________________ _______________

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға

___________________________________________ _______________

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Жер қойнауын пайдаланушының ЭЦҚ деректері;

ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты.

"__" _____ 20 _ жыл _____ сағат ____ минут.

Ескертпе:

Есепке есепте көрсетілген шығыстарды растайтын "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудиторлық есеп қоса беріледі. Егер аудиторлық есеп жер қойнауын пайдаланушының қаржылық есептілігіне жасалса, онда сондай-ақ пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған шығыстарды (кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензиялар бойынша есептерді қоспағанда) ашып көрсете отырып, қаржылық есептілік қоса беріледі.

Есепке ұйымның атауын, орналасқан жерін, байланыс деректерін (телефон, электрондық пошта мекенжайы), жұмсау бағыттарының әрқайсысы бойынша зерттеулердің тақырыбы мен мақсатын көрсете отырып, ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған шығыстар туралы ақпараттық анықтама (есептің 23-29-жолдары) қоса беріледі.

"Қатты немесе кең таралған
пайдалы қазбаларды өндіру
бойынша лицензиялық
міндеттемелердің орындалуы
туралы есеп" әкімшілік
деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

**Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру бойынша лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есеп" (Нысанның индексі: 2-ПҚӨ, кезеңділігі: жылдық )**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды қызметін қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия негізінде жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады.

3. Нысанға жер қойнауын пайдаланушының ЭЦҚ арқылы қойылады.

4. Нысан жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Нысанның 1-бөлімі бойынша

3-баған толтырылады

1-жолда жер қойнауын пайдаланушының толық атауы, заңды тұлғалар үшін – атауы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке тұлғалар үшін – тегі, аты және әкесінің аты ( бар болса) және жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

2-жолда осы есеп берілетін есепті кезең көрсетіледі. Толық күнтізбелік жыл болған жағдайда тиісті жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең көрсетіледі. Толық емес күнтізбелік жыл кезінде жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану құқығына ие болған нақты кезең көрсетіледі.

3-жолда лицензияның нөмірі мен берілген күні, лицензияның қолданылу мерзімінің соңғы күні көрсетіледі.

4-жолда есепті кезеңнің басындағы өндіру учаскесі аумағының ауданы көрсетіледі.

5-жолда есепті кезеңнің соңындағы өндіру учаскесі аумағының алаңы көрсетіледі.

6-жолда егер жер қойнауын пайдаланушы есепті кезең шеңберінде өндіру учаскесінің бір бөлігінен бас тартқан жағдайда өндіру учаскесінің бір бөлігінен бас тартудың толық күні көрсетіледі. Егер есепті кезеңде өндіру учаскесі аумағының ауданы өзгермесе, жол толтырылмайды.

7-жолда "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 386 бұйрығымен бекітілген

пайдалы қатты қазбаларды өндіру бойынша операциялардың салдарын жоюдың болжамды құнын есептеу әдістемесіне сәйкес есептелген есепті кезеңде өндіру бойынша операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің талап етілетін сомасы көрсетіледі.

8-жолда өндіру бойынша операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің ұсынылған тәсілі (тәсілдері) ( сақтандыру шарты, банктік салым кепіл шарты, кепілдік), оның деректемелері және өтелетін сомасы (сомасы) көрсетіледі.

9-жолда пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну күні және қамтамасыз ету (қамтамасыз ету) сомасы көрсетіледі.

10-жолда есепті кезеңде өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу басталған күн, оны жүргізген жағдайда көрсетіледі. Егер өндіру есепті кезеңде өндіру учаскесінің аумағында жүргізілмесе, жол толтырылмайды.

11-жолда жою жоспарының (өзгертілген жою жоспарының) кешенді сараптамасының/өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасының және мемлекеттік экологиялық сараптамасының соңғы оң қорытындысының берілген күні көрсетіледі.

12-жолда тау-кен жұмыстары жоспарында сипатталған өндіру жөніндегі операцияларға экологиялық рұқсат берілген күн көрсетіледі.

13-жолда жер қойнауын пайдаланушының бекіткен күні және пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға тау-кен жұмыстары жоспарын (тау-кен жұмыстары жоспарына өзгерістер) ұсынған күні көрсетіледі.

14-жолда аудитордың (жеке тұлғаның) тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) не аудиторлық ұйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, Байланыс ақпараты ( мекенжайы, телефоны, e-mail), осы есепте көрсетілген шығыстарды растайтын аудиторлық есептің не өндіруге арналған шығыстар жеке ашылған жылдық қаржылық есептілікке қатысты аудиторлық есептің атауы мен деректемелері көрсетіледі.

Нысанның 2-бөлімі бойынша

5 және 6-бағандар толтырылады

5-бағанда тек 1-жол толтырылады. Лицензия мерзімінің толық емес күнтізбелік жылы кезінде есепті кезеңнің барлық толық күнтізбелік айлары үшін барабар есептелген ең төменгі жиынтық шығыстар көрсетіледі.

6-бағанда әрбір жол есепті кезеңде жер қойнауын пайдаланушы жүргізген жұмыстардың тиісті түріне нақты шығыстарды көрсете отырып толтырылады. Егер жер қойнауын пайдаланушы қандай да бір жұмыс түрлерін жүзеге асырмаса, тиісті жолға сызықша қойылады.

6-бағанда 1-жолда 2-12-жолдар бойынша шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

20-29-жолдарды жер қойнауын пайдаланушылар кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензиялар бойынша толтырмайды.

32-жол пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияда ақшалай баламада қосымша міндеттемелер болған жағдайда толтырылады. Олар болмаған жағдайда 5 және 6-бағандарда сызықша қойылады.

33-жолда "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 210-бабы 7, 8 және 9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, өндіру бойынша операциялар бойынша шығыстарға жататын, оның берілген күнінен бастап алдыңғы есепті кезеңді қоса алғандағы кезеңде лицензия бойынша шеккен, лицензия бойынша шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

Осы соманы есептеу үшін жер қойнауын пайдаланушы лицензия берілген күннен бастап өткен есепті кезеңдер үшін пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға және республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына ұсынған пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есептерден алынған ақпарат пайдаланылады.

Жер қойнауын
пайдаланушының пайдалы
қатты қазбаларды барлау
және өндіру, кең таралған
пайдалы қазбаларды өндіру
жөніндегі операцияларды
жүргізу кезінде есептерді
ұсыну қағидаларына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 27.02.2025 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://www.gov.kz/memleket/entities/mps.

Әкімшілік нысанның атауы: пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және олардағы елішілік құндылық үлесі туралы есеп.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 3-ПҚЕҚ.

Кезеңділік: жыл сайын пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде, тоқсан сайын пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде.

Есепті кезең:

| |
|---|
| |

тоқсан

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

жыл.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: жер қойнауын пайдаланушылар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей, пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың жиырма бесінші күнінен кешіктірмей.

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Жинау әдісі: жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы арқылы электронды түрде.

1-кесте

| Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірі | Сатып алу үшін код | Сатып алу коды | Сатып алу тәсілі | Сатып алу қорытындысын қортындылау күні (күні, айы, жылы) | Келісімшарттың № | Келісімшартты жасасу күні (күні, айы, жылы) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Келісімшарт қызметінің аяқтау күні (күні, айы, жылы) | Келісімшарт мәртебесі | ҚҚС қоспағанда келісімшарттың жалпы сомасы, теңге | ҚҚС қоспағанда С Ж Ж жоспарланған сомасы теңге | Т Ж Қ жеткізушінің ұйымдық-құқықтық нысаны | Т Ж Қ жеткізушінің елі |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | | |

кестенің жалғасы

| Т Ж Қ жеткізушілердің атауы | Жеткізушінің Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі) | Жеткізушінің электрондық мекенжайы | Жеткізушінің байланыс телефоны | Жеткізушілер қызметкерлердің саны | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жеткізуші қызметкерлерінің жалпы саны, адам | Қазақстан Республикасының азаматтардың жеткізуші қызметкерлердің саны, адам |
| 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |
| | | | | | |

2-кесте

| | | | | | | | "CT-KZ" |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| Келісімшарттың № | Сатып алу коды | ТЖҚ БНА бойынша ТЖҚ коды | Сатып алынған ТЖҚ атауы және қысқа сипаттамасы (қосымша) | Өлшем бірлігі | Сатып алу көлемінде табиғи білдіру | ҚҚС қоспағанда сатып алу көлемінің бағасын белгілеу, теңге | сертификаты берілген тауар өндірушінің Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| "CT-KZ" сертификат № | "CT-KZ" сертификаттың сериясы | "CT-KZ" сертификатты берген органның коды | "CT-KZ" сертификатты берген күні (күні, айы, жылы) | "CT-KZ" сертификатта көрсетілген тауарда % елішілік құндылық | Жұмыстарда (көрсетілетін қызметтер), % елішілік құндылық | Тауар шығаратын елі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| | | | | | | |

Атауы ________________________________________________________

Мекенжайы ____________________________________________________

Телефоны _____________________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы ____________________________________

Орындаушы: ________________________________________ ______________

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға

________________________________________ ______________

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Жер қойнауын пайдаланушының ЭЦҚ деректері;

ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты.

"__" _____ 20 _ жыл _____ сағат ____ минут.

"Пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және олардағы елішілік құндылық үлесі туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

**Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және олардағы елішілік құндылық үлесі туралы есеп" (Нысанның индексі 3-ПҚЕҚ, кезеңділігі: тоқсандық, жылдық)**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер және олардағы елішілік құндылық үлесі туралы есеп" әкімшілік деректер нысаны (бұдан әрі - Нысан) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 195-бабы 3-тармағының бірінші және төртінші бөлімдеріне, 215-бабының 3-тармағының бірінші және төртінші бөлімдеріне, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Нысанды жүргізудің негізгі міндеті елішілік құндылық мониторингі болып табылады.

3. Толтырылған Нысанды жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне ұсынылады;

пайдалы қатты қазбаларды барлауға лицензиялар (келісімшарттар) бойынша жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей;

пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензиялар (келісімшарттар) бойынша тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей.

4. Нысанға бірінші басшы, ал ол болмаған жағдайда - оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

5. Нысан әр тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет бойынша жеке-жеке толтырылатын екі кестеден тұрады.

## 2-тарау. 1-кестені толтыру бойынша түсіндірмелер

6. Нысан мынадай тәртіппен толтырылады:

1-бағанда уәкілетті орган берген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарттың (лицензияның) тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда сатып алу мәнінің коды көрсетіледі: 0 – тауарлар, 1-жұмыс, 2-көрсетілетін қызмет;

3-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімімен берілген сатып алу коды көрсетіледі;

4-бағанда сатып алу тәсілі көрсетіледі:

1) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылар: 101 – ашық конкурс, 103 – бір көзден, 104 – тауар биржаларында, 105 – төмендетуге ашық конкурс (электрондық сауда-саттық), 112 – жоқ тәсілдерін қолдану;

2) дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қорына (бұдан әрі – Қор) тікелей немесе жанама түрде тиесілі жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды

тұлғалар: 201 – ашық тендер, 209 – жабық тендер, 210 – екі кезеңді ашық тендер, 211 – екі кезеңді ашық тендер жабық тендер, 202 – баға ұсыныстарын сұрату, 203 – бір көзден, 208 – электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында, 204-тауар биржалары арқылы, 212 – "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 2-тармағына сәйкес Қордың Директорлар кеңесі бекітетін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларының нормаларын қолданбай;

5-бағанда сатып алу қорытындыларын шығару күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі;

6-бағанда сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер туралы шарттың нөмірі көрсетіледі;

7-бағанда шарттың жасалған күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі;

8-бағанда шарттың қолданылу мерзімі (күні, айы, жылы) көрсетіледі;

9-бағанда шарттың мәртебесі көрсетіледі:

"0" мәртебесі жасалған шарттар бойынша көрсетіледі;

"1" мәртебесі төлемге қарамастан, шарт бойынша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды растайтын соңғы құжаттың негізінде орындалған шарттар бойынша көрсетіледі;

"2" мәртебесі шартты бұзу туралы келісімнің (хабарламаның) негізінде бұзылған шарттар бойынша көрсетіледі;

"3.0" мәртебесі жасалған ұзақ мерзімді шарттар бойынша көрсетіледі;

"3.1" мәртебесі төлеміне байланысты емес, шарт бойынша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды растайтын соңғы құжаттың негізінде орындалған ұзақ мерзімді шарттар бойынша көрсетіледі;

"3.2" мәртебесі шартты бұзу туралы келісімнің (хабарламаның) негізінде бұзылған ұзақ мерзімді шарттар бойынша көрсетіледі.

10-бағанда сатып алуды растайтын теңгемен ҚҚС-ны есепке алмағанда шарттың жалпы сомасы көрсетіледі. Егер шартта шарттың жалпы сомасы айтылмаса, осы шарт бойынша осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жоспарланған сома көрсетіледі. Егер шарт ұзақ мерзімді болса, онда шарттың бүкіл қолданылу кезеңіне шарттың жалпы сомасы көрсетіледі. Егер шартта шарттың жалпы сомасы айтылмаса, бірақ шарттың орындалуына қарай шот-фактуралар немесе орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің актілері ұсынылса, онда әрбір есепті кезең үшін өсу арқылы осы құжаттардың сомасы көрсетіледі;

11-бағанда теңгемен ҚҚС-ны есепке алмағанда, жылдық сатып алу бағдарламасында жоспарланған сома көрсетіледі;

12-бағанда шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының жіктеуішіне сәйкес тауарды, жұмысты немесе көрсетілетін қызметті берушінің ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетіледі. Егер өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда баған толтырылмайды;

13-бағанда Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар бойынша толтыру қажет;

14-бағанда өнім берушінің атауы көрсетіледі. Егер тауарды, жұмысты немесе көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылған жағдайда, атауы заңды тұлғаны тіркеу туралы анықтамаға сәйкес (заңды тұлғалар үшін ) және дара кәсіпкерді тіркеу туралы куәлікке сәйкес (жеке тұлғалар үшін) көрсетіледі;

15-бағанда тауарды, жұмысты немесе көрсетілген қызметті берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Егер тауарды, жұмысты немесе көрсетілген қызметті жеткізуші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда баған толтырылмайды;

16-бағанда өнім берушінің электрондық мекенжайы көрсетіледі;

17-бағанда жеткізушінің байланыс телефоны көрсетіледі;

18-бағанда өнім беруші қызметкерлерінің жалпы саны көрсетіледі;

19-бағанда жеткізушінің Қазақстан Республикасының азаматтары қызметкерлерінің саны көрсетіледі.

## 3-тарау. 2-кестені толтыру бойынша түсіндірмелер

7. Нысан мынадай тәртіппен толтырылады:

1-бағанда шарттың нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімімен берілген сатып алу коды көрсетіледі. Егер сатып алу жүйені пайдаланбай жүргізілсе, баған толтырылмайды;

3-бағанда тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығына сәйкес коды көрсетіледі;

4-бағанда сатып алынған тауардың, жұмыстың немесе көрсетілген қызметтің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттар, қасиеттері мен сипаттамалары) көрсетіледі;

5-бағанда өлшем бірліктері мен шоттардың Мемлекетаралық жіктеуішіне сәйкес тауардың өлшем бірлігі көрсетіледі. Баған жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толтырылмайды;

6-бағанда тауардың көрсетілген өлшем бірлігіне сәйкес заттай көріністегі сатып алу көлемі көрсетіледі. Баған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша толтырылмайды;

7-бағанда қосылған құн салығын есепке алмағанда құндық мәндегі сатып алудың нақты көлемі теңгемен көрсетіледі;

8-бағанда "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат берілген тауар өндірушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Баған жергілікті шыққан тауарлар үшін толтырылуға жатады;

9-бағанда "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттың нөмірі көрсетіледі. Баған жергілікті шыққан тауарлар үшін толтырылуға жатады;

10-бағанда "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттың сериясы көрсетіледі. Баған жергілікті шыққан тауарлар үшін толтырылуға жатады;

11-бағанда "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру органының коды көрсетіледі. Баған жергілікті шыққан тауарлар үшін толтырылуға жатады;

12-бағанда "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттың берілген күні көрсетіледі. Баған жергілікті шыққан тауарлар үшін толтырылуға жатады;

13-бағанда "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификатта көрсетілген тауардағы жергілікті қамту пайызбен көрсетіледі. Баған жергілікті шыққан тауарлар үшін толтырылуға жатады;

14-бағанда қосалқы мердігерліктің барлық деңгейлерін ескере отырып, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 28-бабының 2-тармағына сәйкес индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітетін Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес жұмыстағы (көрсетілетін қызметтегі) елішілік құндылық пайызбен (жүздік үлеске дейін) көрсетіледі.

15-бағанда Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар бойынша толтыру қажет.

Жер қойнауын
пайдаланушының пайдалы
қатты қазбаларды барлау
және өндіру, кең таралған
пайдалы қазбаларды өндіру
жөніндегі операцияларды
жүргізу кезінде есептерді
ұсыну қағидаларына
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 27.02.2025 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://www.gov.kz/memleket/entities/mps.

Әкімшілік нысанның атауы: пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізетін жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын адамдардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есеп.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 4-ПҚҰЕ.

Кезеңділік: жылдық.

Есепті кезең:

| | | | |
|---|---|---|---|

жыл.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензиялар бойынша, пайдалы қатты қазбаларды барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлауға және өндіруге арналған келісімшарттар бойынша.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей.

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Жинау әдісі: жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы арқылы электронды түрде.

| Жер қойнауын пайдаланушы туралы мәліметтер | Мағынасы |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Жер қойнауын пайдаланушының толық атауы ( заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын қосқанда) | |
| Жер қойнауын пайдаланушының тіркелген елі | |
| Бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе тіркелген елдегі салықтық тіркеудің ұқсас нөмірі | |
| Тіркеу мекенжайы | |
| Тұрақты орналасқан жерінің мекенжайы | |
| Пайдалы қатты қазбаларды барлауға/өндіруге арналған лицензияның/ пайдалы қатты қазбаларды барлауға/өндіруге/бірлескен барлауға және өндіруге арналған келісімшарттың күні мен нөмірі | |
| Жер қойнауын пайдаланушының акциялары қор биржасында айналыста бола ма? | Ия/жоқ |
| Қор биржасының атауы | |
| Шығарылған акциялардың жалпы санынан қор биржасында айналыста болатын акциялардың саны, дана және % | |
| Жер қойнауын пайдаланушыны бақылайтын тұлғалар саны, оның ішінде: | |
| а) жеке тұлғалар | |
| б) заңды тұлғалардың | |
| в) мемлекеттер | |
| г) халықаралық ұйымдар | |
| 2. Жер қойнауын пайдаланушының бақылаушы тұлғалары туралы мәліметтер (әрбір басқа заңды тұлғада бақылауды жүзеге асыратын барлық заңды тұлғаларды тізбек бойынша аудару) | |
| | |

| | |
|---|---|
| 2.1. Заңды тұлғалар | |
| Ұйымдық-құқықтық нысанын қоса алғанда, заңды тұлғаның толық атауы | |
| Тіркелген елі | |
| Тіркелген елдегі/мекемедегі тіркеу нөмірі | |
| Тіркеу мекенжайы | |
| Тұрақты орналасқан жерінің мекенжайы | |
| Жер қойнауын пайдаланушының акциялары қор биржасында айналыста бола ма? | Иә/жоқ |
| Қор биржасының атауы | |
| Шығарылған акциялардың жалпы санынан қор биржасында айналыста болатын акциялардың саны, дана және % | |
| 2.2. Бақылауды қалай жүзеге асыратыны туралы ақпарат | |
| Тікелей бақылау жүзеге асырылатын заңды тұлғаның атауы | |
| Бақылау әдісі: | |
| а) акцияларды иелену | |
| акциялар саны, дана | |
| шығарылған акциялардың жалпы санынан акциялардың % | |
| акциялар белгілі бір жағдайларда/жағдайларда дауыс беру құқығын бере ме? | Иә/жоқ |
| б) жоғары басқару органындағы барлық дауыстардың 25%-дан астамына дауыс беру құқығы | |
| адамға тиесілі дауыстар саны | |
| жоғары басқару органының атауы | |
| в) таза табыстан бөлінетін 25%-дан астамын алу құқығы | |
| алу құқығына ие болатын тұлға таза табыстың үлесі % | |
| г) шартқа немесе заңнамаға сәйкес басқа ұйымның шешімдерін айқындау құқығы | |
| құқықтық актінің толық атауы жазылған, соның негізінде құқық туындаған шарт немесе заңнама нормасы туралы мәліметтер | |
| Бақылауды сатып алу күні | |
| (2.1 және 2.2-бөлімдерін бақылауға ие біреуден артық заңды тұлға болған жағдайда қайталаңыз) | |
| 2.3. Халықаралық ұйымдар | |
| Ұйым тіркелген елдің/мекеменің заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табыла ма? | Иә/жоқ |
| Ұйымдастыру нысанын /ұйымдастыру-құқықтық нысанын қоса алғанда, ұйымның толық атауы | |
| Тіркелген/мекеме елі | |
| | |

| | |
|---|---|
| Тіркелген елдегі/мекемедегі тіркеу нөмірі (бар болса ) | |
| Орналасқан жері | |
| Халықаралық ұйымның мүдделерін білдіретін органның атауы | |
| Халықаралық ұйымның мүдделерін білдіретін органның орналасқан жері | |
| 2.4. Бақылауды қалай жүзеге асыратыны туралы ақпарат | |
| Тікелей бақылау жүзеге асырылатын заңды тұлғаның атауы | |
| Бақылау әдісі: | |
| а) акцияларды иелену | |
| акциялар саны, дана | |
| шығарылған акциялардың жалпы санынан акциялардың % | |
| акциялар белгілі бір жағдайларда/жағдайларда дауыс беру құқығын бере ме? | Ия/жоқ |
| б) жоғары басқару органындағы барлық дауыстардың 25%-дан астамына дауыс беру құқығы | |
| адамға тиесілі дауыстар саны | |
| жоғары басқару органының атауы | |
| в) таза табыстан бөлінетін 25%-дан астамын алу құқығы | |
| алу құқығына ие болатын тұлға таза табыстың үлесі % | |
| г) шартқа немесе заңнамаға сәйкес басқа ұйымның шешімдерін айқындау құқығы | |
| құқықтық актінің толық атауы жазылған, соның негізінде құқық туындаған шарт немесе заңнама нормасы туралы мәліметтер | |
| Бақылауды сатып алу күні | |
| (2.3 және 2.4-бөлімдерін бақылауға ие біреуден артық халықаралық ұйым болған жағдайда қайталаңыз) | |
| 2.5. Мемлекет | |
| Мемлекеттің толық атауы | |
| Акциялармен (қатысу үлестерімен) акционердің ( сенімгерлік басқарушының) функцияларын жүзеге асыратын органның атауы және орналасқан жері | |
| 2.6. Бақылауды қалай жүзеге асыратыны туралы ақпарат | |
| Тікелей бақылау жүзеге асырылатын заңды тұлғаның атауы | |
| Бақылау әдісі: | |
| а) акцияларды иелену | |
| акциялар саны, дана | |
| шығарылған акциялардың жалпы санынан акциялардың % | |
| | |

| | |
|---|---|
| акциялар белгілі бір жағдайларда/жағдайларда дауыс беру құқығын бере ме? | Иә/жоқ |
| б) жоғары басқару органындағы барлық дауыстардың 25%-дан астамына дауыс беру құқығы | |
| адамға тиесілі дауыстар саны | |
| жоғары басқару органының атауы | |
| в) таза табыстан бөлінетін 25%-дан астамын алу құқығы | |
| алу құқығына ие болатын тұлға таза табыстың үлесі % | |
| г) шартқа немесе заңнамаға сәйкес басқа ұйымның шешімдерін айқындау құқығы | |
| құқықтық актінің толық атауы жазылған, соның негізінде құқық туындаған шарт немесе заңнама нормасы туралы мәліметтер | |
| (2.5 және 2.6-бөлімдерін бақылауға ие біреуден артық мемлекет болған жағдайда қайталаңыз) | |
| 2.7. Жеке тұлғалар | |
| Шетелдік паспортқа сәйкес тегі, аты, әкесінің аты ( бар болса) | |
| Туған күні | |
| Ұлттық сәйкестендіру нөмірі | |
| Азаматтығы / азаматтығы | |
| Тіркеу мекенжайы | |
| Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы | |
| Лауазымы (саяси маңызды тұлға болған жағдайда) | |
| Некедегі жағдайы | Иә/жоқ |
| 2.8. Бақылауды қалай жүзеге асыратыны туралы ақпарат | |
| Тікелей бақылау жүзеге асырылатын заңды тұлғаның атауы | |
| Бақылау әдісі: | |
| а) акцияларды иелену | |
| акциялар саны, дана | |
| шығарылған акциялардың жалпы санынан акциялардың % | |
| акциялар белгілі бір жағдайларда/жағдайларда дауыс беру құқығын бере ме? | Иә/жоқ |
| б) жоғары басқару органындағы барлық дауыстардың 25%-дан астамына дауыс беру құқығы | |
| адамға тиесілі дауыстар саны | |
| жоғары басқару органының атауы | |
| в) таза табыстан бөлінетін 25%-дан астамын алу құқығы | |
| алу құқығына ие болатын тұлға таза табыстың үлесі % | |
| | |

| | |
|---|---|
| г) шартқа немесе заңнамаға сәйкес басқа ұйымның шешімдерін айқындау құқығы | |
| құқықтық актінің толық атауы жазылған, соның негізінде құқық туындаған шарт немесе заңнама нормасы туралы мәліметтер | |
| (2.7 және 2.8-бөлімдерін бақылауды иеленетін біреуден артық жеке тұлға болған жағдайда қайталаңыз) | |

Ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын растаймын және мынадай растайтын құжаттарды қоса беремін:

Атауы ___________________________________________________________

Мекенжайы _______________________________________________________

Телефоны ________________________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы ______________________________________

Орындаушы: ________________________________________ ______________

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға

_________________________________________ ______________

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Жер қойнауын пайдаланушының ЭЦҚ деректері;

ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты.

"__" _____ 20 _ жыл _____ сағат ____ минут.

Ескерту:

Акциялар деп меншік құқығын растайтын немесе акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарды, қатысу үлестерін, пайларды және үлестік қатысудың өзге де құралдарын қоса алғанда, қолданылатын заңнамаға сәйкес акциялар, қатысу үлестері, пайлар және үлестік қатысудың басқа да құралдары түсініледі.

Саяси маңызды тұлға дегеніміз-билік өкілеттіктеріне ие немесе кез келген мемлекетте маңызды саяси немесе әкімшілік лауазымға ие жеке тұлға, оның ішінде келесі адамдар:

а) мемлекет, үкімет басшылары, министрлер, вице-министрлер (Министрдің орынбасарлары), Министрдің кеңесшілері, ведомстволардың, комитеттер мен агенттіктердің басшылары;

б) Парламент палаталарының немесе өзге де заң шығарушы органның мүшелері мен төрағалары;

в) саяси партиялардың басқару органдарының мүшелері;

г) шешімдері дау айтуға жатпайтын жоғары сатыдағы соттардың, Конституциялық соттардың және өзге де жоғары сот органдарының мүшелері;

д) есеп палаталарының басшылары мен мүшелері, орталық банктер басқармасының басшысы мен мүшелері;

е) елшілер, сенімді өкілдер және Қарулы Күштердің жоғары шендері;

ж) мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың атқарушы немесе қадағалау органдарының мүшелері;

з) халықаралық (үкіметаралық) ұйымның басшылары, орынбасарлары, директорлары мен басқарма мүшелері немесе ұқсас өкілеттіктері бар тұлғалар.

"Пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізетін жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын адамдардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

## Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізетін жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын адамдардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есеп" (Нысанның индексі: 4-ПҚҰЕ, кезеңділігі: жылдық)

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру бойынша операцияларды жүргізетін жер қойнауын пайдаланушы тікелей немесе жанама бақылайтын тұлғалардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есеп" нысанын ( бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды қызметін пайдалы қатты қазбаларды өндіруге немесе барлауға арналған лицензияның негізінде, барлауға арналған келісімшарттың, өндіруге арналған келісімшарттың немесе қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың негізінде жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады.

3. Нысанға жер қойнауын пайдаланушының ЭЦҚ арқылы қойылады.

4. Нысан жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

### 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Нысанның 1-бөлімінде жер қойнауын пайдаланушы-заңды тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі.

1-жолда заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланушының толық атауы көрсетіледі.

2-жолда жер қойнауын пайдаланушының тіркелген елі көрсетіледі.

3-жолда жер қойнауын пайдаланушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе тіркелген елдегі салықтық тіркеудің ұқсас нөмірі көрсетіледі.

4-жолда жер қойнауын пайдаланушының тіркелген мекенжайы көрсетіледі.

5-жолда жер қойнауын пайдаланушының тұрақты орналасқан жерінің мекенжайы көрсетіледі.

6-жолда пайдалы қатты қазбаларды барлауға/өндіруге арналған лицензияның/ барлауға/өндіруге/бірлескен барлауға және өндіруге арналған келісімшарттың күні мен нөмірі көрсетіледі.

7-жолда жауап нұсқаларының бірі көрсетіледі-иә/жоқ жер қойнауын пайдаланушының акциялары қор биржасында айналыста бола ма деген сұраққа.

8-жолда қор биржасының атауы көрсетіледі, егер жер қойнауын пайдаланушының акциялары қор биржасында айналыста болған жағдайда, егер акциялар қор биржасында айналыста болмаған жағдайда – сызықша қойылады.

9-жолда жер қойнауын пайдаланушының қор биржасында айналыстағы акцияларының шығарылған акциялардың жалпы санынан саны мен % көрсетіледі, егер акциялар қор биржасында айналыста болмаған жағдайда-сызықша қойылады.

10-жолда жер қойнауын пайдаланушыны жеке тұлғаларды, заңды тұлғаларды, мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарды бақылайтын тұлғалардың саны көрсетіледі.

2-бөлімде жер қойнауын пайдаланушының бас компаниясынан бастап тізбек бойынша әрбір басқа заңды тұлғаны бақылауды жүзеге асыратын жеке тұлғаға ( тұлғаларға) дейін жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын барлық тұлғалар туралы мәліметтер көрсетіледі.

2.1-бөлімде заңды тұлға болып табылатын жер қойнауын пайдаланушының бақылаушы тұлғасы туралы мәліметтер көрсетіледі.

2.2-бөлімде 2.1-бөлімде көрсетілген тұлға жер қойнауын пайдаланушыға бақылауды қалай жүзеге асыратыны туралы ақпарат көрсетіледі.

Жер қойнауын пайдаланушыны бақылауға ие біреуден астам заңды тұлға болған жағдайда, барлық осындай заңды тұлғаларға қатысты 2.1 және 2.2-бөлімдерде көрсетілген ақпаратты ұсыну қажет.

2.3-бөлімде халықаралық ұйым болып табылатын жер қойнауын пайдаланушының бақылаушы тұлғасы туралы мәліметтер көрсетіледі.

2.4-бөлімде 2.3-бөлімде көрсетілген тұлға жер қойнауын пайдаланушыға бақылауды қалай жүзеге асыратыны туралы ақпарат көрсетіледі.

Жер қойнауын пайдаланушыны бақылауға ие біреуден артық халықаралық ұйым болған жағдайда, осындай барлық халықаралық ұйымдарға қатысты 2.3 және 2.4-бөлімдерде көрсетілген ақпаратты ұсыну қажет.

2.5-бөлімде мемлекет болып табылатын жер қойнауын пайдаланушының бақылаушы тұлғасы туралы мәліметтер көрсетіледі.

2.6-бөлімде 2.5-бөлімде көрсетілген мемлекеттің жер қойнауын пайдаланушыға бақылауды қалай жүзеге асыратыны туралы ақпарат көрсетіледі.

Жер қойнауын пайдаланушыны бақылауға ие біреуден астам мемлекет болған жағдайда, осындай барлық мемлекеттерге қатысты 2.5 және 2.6-бөлімдерде көрсетілген ақпаратты ұсыну қажет.

2.7-бөлімде жеке тұлғалар болып табылатын жер қойнауын пайдаланушының бақылаушы тұлғалары туралы мәліметтер көрсетіледі.

2.8-бөлімде 2.7-бөлімде көрсетілген жеке тұлғаның жер қойнауын пайдаланушыға бақылауды қалай жүзеге асыратыны туралы ақпарат көрсетіледі.

Жер қойнауын пайдаланушыны бақылауға ие біреуден артық жеке тұлға болған жағдайда, барлық осындай жеке тұлғаларға қатысты 2.7 және 2.8-бөлімдерде көрсетілген ақпаратты ұсыну қажет.

Тіркеу елі көрсетілген Нысанның барлық бөлімдерінде Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар бойынша толтыру қажет.

Есепте қамтылған мәліметтерге/ақпаратқа қатысты растайтын құжаттар есепке қоса беріледі.

Жер қойнауын
пайдаланушының пайдалы
қатты қазбаларды барлау
және өндіру, кең таралған
пайдалы қазбаларды
өндіру жөніндегі операцияларды
жүргізу кезінде есептерді
ұсыну қағидаларына
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 27.02.2025 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: пайдалы қатты қазбаларды барлау және (немесе) өндіру жөніндегі құзыретті органға, кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және (немесе) өндіру жөніндегі жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://www.gov.kz/memleket/entities/mps.

Әкімшілік нысанның атауы: лицензиялық/келісімшарттық шарттар мен жұмыс бағдарламасы (қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және (немесе) өндіру) міндеттемелерінің орындалуы туралы есеп.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 5-ПҚК.

Кезеңділік: жылдық.

Есепті кезең:

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

жыл.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: пайдалы қатты қазбаларды барлауға, өндіруге және бірлескен барлауға және өндіруге арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдаланушылар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей.

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы арқылы электронды түрде.

1-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушы (заңды немесе жеке тұлға) туралы және пайдалы қатты қазбаларды немесе кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге немесе бірлесіп барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа қатысты мәліметтер

| р/с № | Жер қойнауын пайдаланушы және жер қойнауын пайдалану құқығы туралы жалпы мәліметтер | Мағынасы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Жер қойнауын пайдаланушының – заңды тұлғаның толық атауы/жер қойнауын пайдаланушының – жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) | |
| 1.1 | Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/Жеке сәйкестендіру нөмірі | |
| 2. | Осы есеп берілетін есепті кезең | |
| 3. | Лицензияның/келісімшарттың нөмірі | |
| 3.1 | Лицензияның/келісімшарттың берілген/жасалған күні | |
| 4. | Қосымша келісімдер-тіркеу нөмірі /күні | |
| 5. | Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі | |
| 6. | Жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорынның меншік нысаны | |
| 7. | Инвестор (лар)/ ел (дер) | |
| 8. | Үлестік қатысу (акция %-бен) | |
| 9. | Барлау алаңының, кен орнының атауы | |
| 10. | Барлау жөніндегі келісімшарттық аумақтың алаңы, ш.км | |
| | Оның ішінде %-бен және келісімшарттың қолданылуы | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10.1 | басталғаннан бастап келісімшартқа сәйкес оны қайтару мерзімдері | | |
| 11. | Геологиялық/тау-кендік бөлу алаңы, ш.км | | |
| 11.1 | Оның ішінде есепті кезеңнің басына қайтарылған %-бен | | |
| 12. | Келісімшарттың қолданылу мерзімі, ұзартуларды ескере отырып, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңінің және ( немесе) өндіру кезеңінің аяқталуы | | |
| 13. | Келісімшарттың қолданылуы басталған есепті кезеңнің соңында жинақталған тарату қорының сомасы, мың теңгемен | | |
| 14. | Тарату қорын қалыптастыру жөніндегі шарттың деректемелері | | |
| 14.1 | Тарату қоры қалыптастырылатын екінші деңгейдегі банктің атауы | | |
| 15. | Жою жоспарының (өзгертілген жою жоспарының) кешенді сараптамасының соңғы оң қорытындысын алған күн | | |
| 15.1 | Өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасының соңғы оң қорытындысын алған күн | | |
| 15.2 | Мемлекеттік экологиялық сараптамасының соңғы оң қорытындысын алған күн | | |
| 16. | Есепті кезеңде жою жоспарына сәйкес жер қойнауын пайдалану салдарын жоюдың есептік құнының мөлшері (болған жағдайда), мың теңгемен | | |
| 17. | Экологиялық рұқсат берілген не жобалау құжатының (барлау жоспарының, тау-кен жұмысы жоспарының, өзге де жобалау құжатының) мемлекеттік экологиялық сараптамасының соңғы оң қорытындысын алған күн, оның ішінде өзгерістерді ескере отырып | | |
| 18. | Құзыретті органға жобалау құжатын (барлау жоспары, тау-кен жұмысы жоспары, өзге де жобалау құжаты) ұсыну күні | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 19. | | Келісімшарттың жұмыс бағдарламасына, оның ішінде жұмыстарды жүргізу мерзімдері туралы соңғы өзгерістер енгізілген күн | |

2-бөлім. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жұмыс бағдарламасына сәйкес қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және (немесе) өндіру жөніндегі міндеттемелерді орындау жөніндегі мәліметтер (нақты және/немесе ақшалай түрде)

| р/с № | Мақалалардың атауы | Код тармақтары | Өлшем бірлігі | Келісімшарт бойынша талап | Жыл басынан басталған дерек |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Қаржылық міндеттемелер (ҚМ) | 500 | мың теңге | | |
| 2. | Инвестиция, барлығы | 501 | мың теңге | | |
| 3. | күрделі шығындар | 503 | мың теңге | | |
| 4. | геологиялық барлауға арналған шығындар, барлығы | 509 | мың теңге | | |
| 5. | оның ішінде: іздеу бағыттары | 100 | мың теңге | | |
| | | | қума километр | | |
| 6. | геологиялық түсірілім жұмыстары | 101 | мың теңге | | |
| | | | шаршы километр | | |
| 7. | топографиялық жұмыстар | 102 | мың теңге | | |
| | | | қума километр | | |
| 8. | литогеохимиялық жұмыстар | 103 | мың теңге | | |
| | | | сынама | | |
| 9. | тау кен жұмыстары | 104 | мың теңге | | |
| | | | текше метр | | |
| 10. | бұрғылау жұмыстары | 105 | мың теңге | | |
| | | | метр | | |
| | | | саңылау | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11. | геофизикалық жұмыстар, барлығы | 106 | мың теңге | | |
| 12. | оның ішінде: электрбарлау | 107 | мың теңге | | |
| | | | қума километр | | |
| | | | текше километр | | |
| 13. | гравибарлау | 108 | мың теңге | | |
| | | | текше километр | | |
| 14. | магнитті барлау | 109 | мың теңге | | |
| | | | текше километр | | |
| 15. | сейсмобарлау | 110 | мың теңге | | |
| | | | қума метр | | |
| 16. | бұрғылаудағы геофизикалық зерттеу | 111 | мың теңге | | |
| 17. | және бұрғылау геофизика | | метр | | |
| 18. | геофизикалық деректерді өңдеу | 112 | мың теңге | | |
| 19. | гидрогеологиялық жұмыстар | 113 | мың теңге | | |
| | | | бригада/ауысым | | |
| 20. | инженерлік-геологиялық жұмыстар | 114 | мың теңге | | |
| | | | бригада/ауысым | | |
| 21. | зертханалық және технологиялық зерттеулер | 115 | мың теңге | | |
| 22. | барлау бойынша басқа жұмыстар | 116 | мың теңге | | |
| 23. | өндіру/қайта өңдеуге арналған шығындар, барлығы | 510 | мың теңге | | |
| 24. | таулы дайындау жұмыстары | 117 | қума метр | | |
| | | | мың текше метр | | |
| 25. | таулы күрделі жұмыстар | 118 | қума метр | | |
| | | | мың текше метр | | |
| 26. | тілмелеу жұмыстары | 119 | қума метр | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | мың текше метр | | |
| 27. | эксплобарлау жұмыстары | 120 | қума метр | | |
| | | | мың текше метр | | |
| 28. | байқау | 121 | сынамалар | | |
| 29. | Өндіру \ қайта өңдеу бойынша өзге жұмыстар | 122 | мың теңге | | |
| 30. | өндіру көлемі ( тауарлы кендер) | 511 | мың тонна | | |
| | | | мың текше метр | | |
| 31. | металдар бойынша өндіру көлемі | 123 | килограмм | | |
| | | | тонна | | |
| 32. | ілеспе компонент, оның ішінде: | | тонна | | |
| 33. | қорғасын | | тонна | | |
| 34. | мырыш | | тонна | | |
| 35. | мыс | | тонна | | |
| 36. | алтын | | килограмм | | |
| 37. | күміс | | килограмм | | |
| 38. | басқа ілеспе компонент | | килограмм | | |
| 39. | өндірілген кендерде металлдардың мәні | 124 | % | | |
| 40. | ілеспе компонент, оның ішінде: | | % | | |
| 41. | қорғасын | | % | | |
| 42. | мырыш | | % | | |
| 43. | мыс | | % | | |
| 44. | алтын | | грамм/тонна | | |
| 45. | күміс | | грамм/тонна | | |
| 46. | басқа ілеспе компонент | | % немесе грамм/тонна | | |
| 47. | өндірілген кендерде металлдардың мәні | 124 | % | | |
| 48. | құнарсыздандыру | 125 | % | | |
| 49. | ысырап | 126 | % | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 50. | аршылым | 127 | мың текше метр | | |
| 51. | іске асыру көлемі | 512 | мың теңге | | |
| | | | мың тонна | | |
| | | | мың текше метр | | |
| | | | килограмм | | |
| 52. | ілеспе компонент, оның ішінде: | | мың теңге | | |
| | | | тонна | | |
| 53. | қорғасын | | мың теңге | | |
| | | | тонна | | |
| 54. | мырыш | | мың теңге | | |
| | | | тонна | | |
| 55. | мыс | | мың теңге | | |
| | | | тонна | | |
| 56. | алтын | | мың теңге | | |
| | | | килограмм | | |
| 57. | күміс | | мың теңге | | |
| | | | килограмм | | |
| 58. | басқа ілеспе компонент | | мың теңге | | |
| | | | килограмм | | |
| 59. | соның ішінде экспорт | 513 | мың теңге | | |
| | | | мың тонна | | |
| | | | мың текше метр | | |
| | | | килограмм | | |
| 60. | ілеспе компонент, оның ішінде: | | мың теңге | | |
| | | | тонна | | |
| 61. | қорғасын | | мың теңге | | |
| | | | тонна | | |
| 62. | мырыш | | мың теңге | | |
| | | | тонна | | |
| 63. | мыс | | мың теңге | | |
| | | | тонна | | |
| 64. | алтын | | мың теңге | | |
| | | | килограмм | | |
| 65. | күміс | | мың теңге | | |
| | | | килограмм | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 66. | басқа ілеспе компонент | | мың теңге | | |
| | | | килограмм | | |
| 67. | өңірлерді әлеуметтік экономикалық дамыту және оның құрылымын дамыту | 515 | мың теңге | | |
| 68. | оның ішінде 206114 БСК аударылды | | мың теңге | | |
| 69. | сақтандыру, барлығы | 517 | мың теңге | | |
| 70. | оның ішінде экологиялық сақтандыру | 518 | мың теңге | | |
| 71. | жою қоры | 519 | мың теңге | | |
| 72. | қазақстандық мамандарды оқыту | 520 | мың теңге | | |
| 73. | оның ішінде: оқытуға жанама шығыстар, барлығы | | мың теңге | | |
| 74. | оқытуға жұмсалатын жалпы шығыстардан: | | | | |
| 75. | Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жер қойнауын пайдаланушының қызметкерлерін оқытуды қаржыландыру | | мың теңге | | |
| 76. | жер қойнауын пайдаланушының қызметкерлері болып табылмайтын Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуды қаржыландыру | | мың теңге | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 77. | жергілікті атқарушы органдар ұсынған тізбе бойынша білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу | | мың теңге | | |
| 78. | ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарына арналған шығындар | 522 | мың теңге | | |
| 79. | оның ішінде Қазақстан Республикасы аумақтарында | | мың теңге | | |
| 80. | жалпы шығыстардан: | | | | |
| 81. | "Инновациялық технологиялар паркі" дербес кластерлік қорына аударылды | 522/1 | мың теңге | | |
| 82. | дербес білім беру ұйымына аударылды | 522/2 | мың теңге | | |
| 83. | ғылым саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген, ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымға аударылды | 522/3 | мың теңге | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 84. | ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдардан, сондай-ақ дербес білім беру ұйымынан ҒЗТКЖ сатып алынды | 522/4 | мың теңге | | |
| 85. | зияткерлік меншік объектілеріне құқық алынды | 522/5 | мың теңге | | |
| 86. | жеке ҒЗТКЖ жүргізілді | 522/6 | мың теңге | | |
| 87. | жеке ғылыми-зерттеу және (немесе) талдау зертханаларын күтіп-ұстау | 522/7 | мың теңге | | |
| 88. | жанама шығыстар, барлығы | 526 | мың теңге | | |
| 89. | оның ішінде ҚР аумағында | | мың теңге | | |
| 90. | Жылдық жиынтық табыс | 527 | мың теңге | | |
| 91. | Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыру шеңберінде бюджетке төленуге жататын салықтар мен басқа да міндетті төлемдер | 528 | мың теңге | | |
| 92. | оның ішінде: жазылым бонусы | 532 | мың теңге | | |
| 93. | коммерциялық табу бонусы ( | | мың теңге | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | міндеттеме болған жағдайда ) | 533 | | | |
| 94. | тарихи шығындардың орнын толтыру бойынша төлем | 541 | мың теңге | | |
| 95. | оның ішінде геологиялық ақпаратты сатып алу үшін | 542 | мың теңге | | |
| 96. | Келісімшарттық міндеттемелерді орындамағаны/ тиісінше орындамағаны үшін айыппұлдар ( тұрақсыздық айыбы) | 545 | мың теңге | | |
| 97. | келісімшарттық қызмет бойынша басқа да салықтар мен төлемдер | 546 | мың теңге | | |

Атауы ______________________________________________________

Мекенжайы ____________________________________________________

Телефоны _____________________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы ____________________________________

Орындаушы: _______________________________________ ______________

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға

_______________________________________ ______________

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Жер қойнауын пайдаланушының ЭЦҚ деректері;

ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты.

"__" _____ 20 _ жыл _____ сағат ____ минут.

Ескертпе:

Егер жұмыс бағдарламасының көрсеткіштері немесе лицензиялар/келісімшарттар талаптары шетел валютасында белгіленген жағдайда, есепті жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің теңгесіне АҚШ долларының орташа жылдық айырбас бағамы қолданылады.

Есепке ұйымның атауын, орналасқан жерін, байланыс деректерін (телефон, электрондық пошта мекенжайы), жұмсау бағыттарының әрқайсысы бойынша зерттеулердің тақырыбы мен мақсатын көрсете отырып, ғылыми-зерттеу,

ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған шығыстар туралы ақпараттық анықтама қоса беріледі (есептің 81-87-жолдары).

"Лицензиялық/келісімшарттық
шарттар мен жұмыс
бағдарламасы
(қатты немесе кең таралған
пайдалы қазбаларды барлау
және (немесе) өндіру)
міндеттемелерінің орындалуы
туралы есеп" әкімшілік
деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

**Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Лицензиялық/келісімшарттық шарттар мен жұмыс бағдарламасы (қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және (немесе) өндіру) міндеттемелерінің орындалуы туралы есеп" (Нысанның индексі: 5-ПҚК, кезеңділігі: жылдық)**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Лицензиялық/келісімшарттық шарттар міндеттемелерінің және жұмыс бағдарламасының (қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және (немесе) өндіру) орындалуы туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды барлауға арналған келісімшарт, өндіруге арналған келісімшарт немесе қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт негізінде қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады.

3. Нысанға жер қойнауын пайдаланушының ЭЦҚ арқылы қойылады.

4. Нысан жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Нысанның 1-бөлімі бойынша

3-баған толтырылады

1-жолда жер қойнауын пайдаланушының толық атауы, заңды тұлғалар үшін – атауы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке тұлғалар үшін – тегі, аты және әкесінің аты ( бар болса) және жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

2-жолда осы есеп берілетін есепті кезең көрсетіледі.

3-жолда лицензияның (бар болса) және Келісімшарттың нөмірі мен берілген күні көрсетіледі.

4-жолда келісімшартқа қосымша келісімдердің нөмірі мен тіркелген күні көрсетіледі.

5-жолда жер қойнауын пайдалану бойынша операцияның түрі көрсетіледі.

6-жолда жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорынның меншік нысаны көрсетіледі: жеке немесе мемлекеттік.

7-жолда жер қойнауын пайдаланушының инвесторы(-лері)/елі(-лері) Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар бойынша көрсету қажет.

8-жолда инвестордың (- лердің)/елдің (- лердің) үлестік қатысуы (%- бен) көрсетіледі.

9-жолда барлау алаңының немесе кен орнының атауы көрсетіледі.

